

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Ботақан» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Шырынханова Гулмира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	20.02-24.02.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру. Таңертең балаларды қабылдап, бала ауырған жағдайда балабақшаға ескертуі керектігін ата-аналарға айту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек дағдылары)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек дағдылары)	"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту". Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттер: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. (еңбек дағдылары)

				(еңбек дағдылары)	
	«Спорт-лото». Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер. Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып таса, сол жеңіске жетеді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	«Адалдық шеңбері» Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің	Тақпақ жаттау "Тазалықтың досы" Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. Тазалықтың досы - Су дегенің осы. Бай! Бай! -Бұл бала Қай бала? Қарашы Үстіне, Өзіне - Не түсті Көзіңе? Бет-ауыз Кір айғыз. А.Меңжанова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын. «Не артық?», «Спорт». Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілеттерін дамыту, қызықтыру. Спорт атауларын бекіту. (сөйлеуді дамыту)	«Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке

	дамыту)	ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады. (сөйлеуді дамыту)			бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. (сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) Педагог: - Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарыңдағы доптарыңды жоғары көтеріп, көрсетіндерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау. 3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7				

	рет қайталау. 5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау. 6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау. 8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау." (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. Салт-дәстүр. Қонақасы Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Дені саудың - жаны сау" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	"Спорт" түрлері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Жеке бастың гигиенасы туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Денсаулық туралы мақал-мәтелдер жаттау. (көркем әдебиет)	Дәрумендер жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу". Мақсат-міндеттер: гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, қолдарын жіңішке тақтайшалардан ажыратпай, төртінші жіңішке тақтайшаға дейін өрмелеп, қайта түсу (2 рет өрмелеу); гимнастикалық орындықтың үстімен қолды белге қойып, бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың ұшына қойып, жүру (2-3 рет) және 6 м	Қазақ тілі "Кел, жаттығайық! Адамның дене мүшелері. Оң - сол." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы адамның дене мүшелері туралы түсініктерін дамыту; саламатты өмір салты, жаттығудың маңызы жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәрумендердің пайдасы, «сол», «оң» жақ туралы түсініктерін бекіту. Балаларды сызбадағы дене мүшелерінің бейнеленуін өз	Дене шынықтыру "Қол мен аяқтарымыз шымыр". Мақсат-міндеттер: балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.	Музыка "Зырлайды шанамыз". (қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру.	Дене шынықтыру "Қанатпен тарту ойыны". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүтіру; таяқтың астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.

	қашықтыққа дейін алға жылжи отырып, аяқтан аяққа секіру (2-3 рет), 8 м қашықтықта жүріп келе жатып, допты (баскетбол вариантындағы үлкен диаметрдегі доп) соғуға жаттықтыру.	денесімен сәйкестендіре білуге үйрету; дене мүшелерін атауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын, оң және сол қолдарын ажырату біліктіліктерін, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, жағымды эмоция білдіре білуді дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Музыка "Зырлайды шанамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен			
--	---	---	--	--	--

		ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	"Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Болжау. Аязды күні қар жауса, күн жылынады. Суықтан қорықпа, суық сумен жуын. Мақал-мәтел, Қыс қандай болса, жаз да осындай.	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау. Балалардың көңілін	Қарлы боранды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: желді қарауға	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада

	буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады. <i>Көркем сөз.</i> Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек: бір-біріне кедергі жасамай,	Байқау: жылы күндері жауған қар жабысқақ болатыны. Жабысқақ қардан аққала жасауға ыңғайлы екенін балаларға түсіндіру. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске	ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек. Гүлзардың орнын жинастыруды	арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшақ". Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету.	би билегендей ұшады, жылырақ күндері қар ауырлап тартады,-қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма. «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. <i>Көркем сөз.</i> "Көкше мұз" Сейіл Боранбаев. Көл бетінде көкше мұз, Көкше мұзда қызық көп. Сырғанамаймыз кеште біз, Айқыш-ұйқыш сызып кеп. Қыза-қыза келгенде, Құйын болып кетеміз. Жүйрік деген желден
--	---	---	--	--	--

	жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы). <i>Жорамал.</i> Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. <i>Жұмбақ.</i> Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады.	жетеді). Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек. (еңбек дағдылары) Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ болады. Қорытынды. - Балалар, біз бұдан дымқыл қарды жабыстырудың оңайлығын байқадық.	ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар. Өз құрдастарымен, 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	де , Басып озып кетеміз. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылжымалы лақтырған нысанаға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Еңбек: тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсат-міндеттер: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. Жеке жұмыс. «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына
--	--	--	--	---

					шығармашылық әңгіме құрастыру. <i>Жұмбақ.</i> Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (өзін-өзі басқару дағдылары)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. Салт-дәстүр. Қонақасы Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	«Күн астындағы Күнекей қыз» әңгімесін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім" Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жеті ағайын" тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты "жеті ағайын" сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру. Театрды сахналау. "Қаңбақ шал" ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қанекей, сапқа тұр!" Мақсат-міндеттер: балалардың топтас достармен бірігіп таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету. Вариативті компонент. Құрастыру "Аққу құсы әдемі". Мақсат-міндеттер: балаларды табиғи	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қатарға тұрайық, спортшылар". Мақсат-міндеттер: балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар, тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Аурудан аяған күштірек". Мақсат-міндеттер: балаларды "Аурудан аяған күштірек" әңгімесімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жалбыз өсімдігі". Мақсат-міндеттер: балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту. Сюжетті-рөлдік ойын "Аурухана" Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Денсаулығым - байлығым". Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру. Жапсырудан ойын-жаттығу

		материал: қарағай бүршігі және ермексаздарды пайдалана отырып аққуды құрастыруды үйрету; ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді біріктіру іскерліктерін жетілдіру; табиғи материалдар туралы білім бере отырып, жыл құстары, аққу туралы туралы білімдерін кеңейту.	мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; әңгіме мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.	білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (арудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды	"Дәрумендер". Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті майлықтарды жырту, умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қимаулігісінің үстіне желімнің көмегімен жапсыруға, дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету.
--	--	--	--	---	---

				ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек.	
Балалармен жеке жұмыс	Ескен Елубай. Жаңа санамақ Бір - Таңертен тұр. Екі - Шынығып, бекі. Үш - Тазала тіс. Төрт - Сабындап жу бет. Бес - Сүртін тез. Алты - Үйді жина жалпы.	"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті. Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау. - Балалар, қазір, сурет салу алдында, әрқайсымыз біраз ойнанып, әуенді тыңдап, шабыт алайық. Құралдары: әдемі	«Өс, ұлан!» Сау болсын десең, Он екі мүшең! Ерте тұр! Құлақ түр! Тыңда сыр, Жапырақтар сыбырлар. Күн нұрын күт! Таза ауа жұт! Бойыңа құт! Жүгір, желмен жарысып, Нұрға сылан, Болып қыран	Мазақтамалар жаттау. Мақсат-міндеттер. МАУБАС Маубас, маубас, маубассың! Мүлгігеннен танбассың, Қалғығанға қанбассың... Өмірінде осылай Ұйықтап өтсең оңбассың!	"Дене мүшелері" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою)

	Жеті - Киін енді. Сегіз - Асыңды жеп, іш. Тоғыз - Ыдысты жу тегіс. Он - Сабақ оқы Осыдан соң. Бұл санамақ жаңа, Күнде өстіп сана. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	әуен жазбасы. Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды ойлағандарын сұрайды. (сөйлеуді дамыту, сурет салу)	Өс ұлан! Ө. Тұрманжанов (көркем әдебиет)	САЛАҚ Салақ, салақ, салақсың; Өз үйіңе қонақсың; Таза емессің, кір- кірсің; Ақ емессің, жолақсың; Кейде қара күйесің; Кейде қызыл далапсың; Әй, салақсың, салақсың! ҚОМАҒАЙ Әй, комағай, комағай! Екі ұртың тола май, Екі уысың және май, Соғып жатсың қарамай, Болмайсың ғой Толағай! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек- кезек екі жаққа сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;				

	- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Бата беру Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз. Салт-дәстүр. Қонақасы Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Музыкалық аспаптармен ойындар. Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). (музыка) Өнер бұрышында денсаулық, спорт тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-
---	---

	әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Бала мінезін тәрбиелеу мәселелері» ата-аналарға кеңес.	«Отбасылық үлгі өнеге» ата-аналармен әңгімелесу.	«Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес.	«Баланы ойлауға қалай үйретуге болады?» ата-аналарға кеңес.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**